

Әкімдіктің 2010 жылғы 11 қаңтардағы № 38 "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 14 мамырдағы № 1051 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 маусымда № 4150 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 956 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 29.04.2014 № 956 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2010 жылғы 11 қаңтардағы № 38 "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-142 тіркелген, 2010 жылғы 23 ақпанда "Қостанай" газетінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ келесі мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қостанай облысының аумағында Қостанай қаласының сыртында орналасқан арнайы білім беру ұйымдарының объектілеріне бару үшін мүгедек-балаларды және оларды жетелейтін тұлғаларды автомобиль көлігімен Қостанай қаласынан және кері тегін тасымалдау жүргізіледі;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.Ж. Қалиевке жүктелсін.

Әкім

Ғ. Нұрмұхамбетов

КЕЛІСІЛГЕН:

*"Қостанай қаласы әкімдігінің
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалары*

*бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы*

_____ *В. Константинов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК